

Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9639 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 8-бабының 46-5) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен, осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап, күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 16-07/332 бұйрығымен бекітілген

Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 46-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жануарлар басы – белгілі бір аумақтағы қандай да бір жануарлардың жалпы саны ;
- 2) жануарлар топтары (эпизоотиялық бірлік) – бір орында орналасу (бір өрісте, жайылымда және басқа орындарда) немесе бір басқаруда тұру (топ, табын, отар, шаруашылық жүргізуші субъекті және басқа жануарлар топтары) себебінен аурулар қоздырғыштарының әсер ету тәуекеліне ұшырау ықтималдылығы бірдей, эпизоотиялық байланыстағы жануарлардың тобы.

Ескерту. Қағида 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар:

1) жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлардың аурулары мен тамақтан уланудың пайда болуын алдын алу, жануарларды күтіп-бағудың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, ветеринариялық препараттардың, азықтың және азықтық қоспалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық-санитариялық саламаттылық аумақта;

2) шектеу іс-шараларын немесе карантинді қамтитын, жануарлардың аса қауіпті ауруларын жою және олардың таралуының алдын алу мақсатында бақылау аймағын, буферлік (қорғаныш) аймақты қоса алғанда, эпизоотиялық ошақта және саламатсыз пунктте жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар (профилактика, диагностика, жою) "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық

актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) бекітілген Профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) қосылған аурулар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.08.2015 № 7-1/783 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар (бұдан әрі – ветеринариялық іс-шаралар) аурулардың түріне қарай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес шектеу іс-шараларын, карантинді енгізу кезеңдерін қоса алғанда, ветеринария саласындағы мамандардың ауру адамнан, жануардан сау адамға (жеке қорғаныш құралдарын (арнайы киім, бетперделер мен қолғаптар, көзді қорғау құралдары/пластикалық бетперде), антисептиктерді және басқа да қауіпсіздік шараларын қолдану) ауруды болдырмау, аурудың берілуі мен таралуына жол бермеу жөніндегі қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.09.2020 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Ветеринариялық іс-шаралар аяқталғаннан кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы акт жасалады, оған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша вакцинациядан, аллергиялық тексеруден, өңдеуден өткен жануарлардың тізімдемесі қоса беріледі.

Жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтер "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірме беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 болып тіркелген) (бұдан әрі – АЖБ қағидалары) бекітілген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға енгізіледі.

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.09.2020 № 294 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Ветеринариялық іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасында және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген ветеринариялық препараттарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Жануарлар ауруларының түріне байланысты және осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау, бекіту, жүргізу қолда бар жануарлар басының ветеринариялық іс-шаралармен толық қамтылуын және бір уақытта олардың төмендегілерді есепке ала отырып, қалыптастырылған жануарлар топтарында (эпизоотиялық бірліктерде) жүргізілуін қамтамасыз етеді:

1) бір орында орналасу (бір өрісте, жайлауда, жайылымда, мал жаю орнында, үй-жайда, шаруашылық жүргізуші субъектіде және басқа орындарда) немесе бір басқаруда тұру себебінен аурулар қоздырғыштарының әсер ету тәуекеліне ұшырау ықтималдылығы бірдей, эпизоотиялық байланыстағы жануарлардың тобы (эпизоотиялық байланыс әртүрлі болуы және ауру қоздырғышының биологиялық қасиетіне (жұқтырғыштық, инфективтілік, контагиозділік, вируленттілік), оның берілу механизміне (берілу факторлары және тасығыштар), әр түрлі жануарлардың сезімталдығына байланысты болуы мүмкін);

2) эпизоотиялық байланысы бар (ортақ жайылымдар, мал жаю орындары, мал өткізгіштер мен тікелей және тікелей емес (сыртқы ортадағы заттар арқылы) байланыстағы басқа да орындар) бір елдімекеннің тұрғындарына тиесілі жануарлардың тобы;

3) күтіп-бағу үшін бір жабдық және (немесе) мүкәммал пайдаланылатын жануарлар тобы.

Жануарлардың топтарын (эпизоотиялық бірліктерін) қалыптастыру (тарату), сондай-ақ ондағы жануарлар басы (көбею, азаю) туралы ақпарат тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының мыналардан алынатын деректері (мәлімет, ақпарат) болып табылады:

осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған жануарлар топтарын (эпизоотиялық бірліктерін) қалыптастыру (тарату) туралы актілерден;

осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған жануарлардың топтарын (эпизоотиялық бірліктер) тіркеу журналынан.

Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.03.2016 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы

министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-тарау. Ветеринариялық-санитариялық саламатты аймақтарда жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау Тізбеге енгізілген аурулар бойынша:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің соңғы 3 (үш) жылдағы эпизоотиялық мониторингінің деректері;

2) кірісті (төл және басқа түсімдер), шығысы (сойылу, қырылу және өзге есептен шығарылу) және жануарлардың топтастырылуы (эпизоотиялық бірліктер) ескеріле отырып, қолда бар жануарлар басы;

3) ветеринариялық препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (тәлімдемеге) сәйкес, оған қарсы дауалау жүзеге асырылатын жануарлардың ауруына байланысты ветеринариялық препаратты енгізу еселігі;

4) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда көзделген диагностикалық зерттеулердің еселігі;

5) көршілес әкімшілік-аумақтық бірліктердегі (аудандардағы, облыстардағы) және шектес мемлекеттердегі эпизоотиялық ахуал туралы деректер негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде алдағы жоспарланатын 3 (үш) жылға ауылдық округтер бөлінісінде ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарының жобасын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – ЖАО ұйымдары) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелермен келісу бойынша жасайды, одан кейін ағымдағы жылдың 15 қаңтарына дейін жинақтау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі – ЖАО) жібереді.

ЖАО ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы жоспарланатын 3 (үш) жылға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер

аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарларының жобаларын жасайды және ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – ведомство) жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. ЖАО ұйымы Қағидалардың 6-тармағымен көрсетілген негіздемелер бойынша және Қағидалардың 7-тармағына сәйкес берілетін алдағы жоспарланатын 3 (үш) жылға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарларының жобаларына сәйкес ауылдық округтер бөлінісінде алдағы жоспарланатын жылға ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарының нақтыланған жобасын қалыптастырады және ағымдағы жылдың 1-10 қараша аралығындағы мерзімде ведомствоның аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша ЖАО-ға ауылдық округтер бөлінісінде алдағы жоспарланатын жылға арналған ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарларының нақтыланған жобаларын жібереді.

ЖАО ағымдағы жылдың 10-20 қарашасы аралығында ведомствоның аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында алдағы жоспарланған жылға арналған ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарының нақтыланған жобаларын ведомствоға жолдайды.

Ескерту. 2-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ведомство жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекітеді, ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей, ведомство ЖАО ұсынған алдағы жоспарланған жылға арналған ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарларының нақтыланған жобалары мен эпизоотиялық мониторинг деректері негізінде жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен ету диагностикасына бағытталған ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуді қамтамасыз етуге жоспарларды бекітеді бекітілген жоспарларды ЖАО-ға жолдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу және диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың бекітілген жоспарлары негізінде ЖАО уәкілетті ведомствоның облыстың, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша осы ағымдағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың жоспарын бекітеді және оны жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу үшін ЖАО-ға жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйым (бұдан әрі – референттік орталық) жүргізетін жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларына референттік және мониторингтік зерттеулерді жоспарлау Тізбеге енгізілген аурулар бойынша мыналар негізінде жүзеге асырылады:

1) референттік орталықта жүргізілген соңғы 3 (үш) жылдағы диагностикалық зерттеулер деректерінің орташа көрсеткіші;

2) әкімшілік-аумақтық бірліктердегі (облыс, аудан) және шектес мемлекеттердегі эпизоотиялық ахуал туралы деректер;

3) соңғы 3 (үш) жылдағы эпизоотиялық мониторинг деректері;

4) кірісін (төл және басқа түсімдер), шығысын (сойылу, қырылу және өзге есептен шығарылу) және жабайы жануарлардың популяциясын есептегендегі қолда бар ауыл шаруашылығы жануарларының басы.

Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

9-2. ЖАО ұсыныстары бойынша қоса алғанда, ветеринариялық іс-шараларды жүргізу кезеңінде ветеринариялық іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

Ветеринариялық іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ветеринариялық іс-шаралар өткізудің жоспарланған айына дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын жол беріледі. Ветеринариялық іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы жануарлар басы бойынша мәліметтер, жануарларды

бірдейлендіруді жүргізу мерзімдері, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың (құралдардың) болуы ескеріледі.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.09.2020 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-тарау. Ветеринариялық-санитариялық саламатты аймақтарда жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жеке және заңды тұлғалар ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда эпизоотиялық қолайлылықты қамтамасыз ету мақсатында Заңның 25-бабында көзделген, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

11. Ветеринариялық-санитариялық саламаттылық аумақта профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруды ЖАО жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізуді (жануарларды вакцинациялау/аллергиялық зерттеу, қан сынамаларын алу және ветеринариялық зертханаға жеткізу) ЖАО ұйымдары жүзеге асырады.

Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу осы Қағидалардың 4-1 және 15-тармақтарында көзделген іс-шаралар орындалған кезде аяқталған болып есептеледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Ведомство жануарларға профилактикалық иммундау жүргізу үшін ветеринариялық препараттарды ЖАО-ға беруді жүзеге асырады.

ЖАО ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында ветеринариялық препараттарды бөлуді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.07.2024 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

15. Қан сынамаларын алу және оны ветеринариялық зертханаға тасымалдау (жеткізу) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11618 болып тіркелген) бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу қағидаларына сәйкес ветеринариялық зертханадан алынатын қан сынамаларын алу жүйесін пайдалана отырып және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан сынамаларын алу актісін жасай отырып жүзеге асырылады. Осы актіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған қан сынамалары бойынша жануарлардың тізімдемесі қоса беріледі.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа, фермер қожалықтарының жануарларынан осы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа, фермер қожалықтарының ЖАО ұйымымен еңбек қатынастары бар ветеринариялық дәрігерлеріне қан сынамаларын алуға жол беріледі.

Жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар (қан сынамаларын алу және ветеринариялық зертханаға жеткізу) және олардың нәтижелері туралы мәліметтер АЖБ қағидаларына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға енгізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.09.2020 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Ветеринариялық-санитариялық саламатсыз аймақтарда және эпизоотиялық ошақтарда жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Жануарлардың аса қауіпті аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы ЖАО шешім қабылдайды.

Карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу, жануарлардың жұпалы аурулары тізбесіне енгізілген аурулар бойынша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/128 бұйрығымен бекітілген карантин немесе шектеу іс-шараларын белгілеу бойынша жүргізіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7583 болып тіркелген).

17. Бақылау аймақтары мен буферлік (қорғаныш) аймақтарды қоса алғанда, эпизоотиялық ошақтарда және саламатсыз пункттерде ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру тізбесі, тәртібі мен мерзімдері ЖАО тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен және Заңның 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйыммен (бұдан әрі – РЭО) бірлесіп әзірлеген жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын жою және оқшаулау жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) айқындалады.

Іс-шаралар жоспары кесте түрінде жасалады, онда реттік нөмірлер, іс-шаралардың атаулары, орындау мерзімдері, жауапты адамдар мен орындаушылар көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда іс-шаралар жоспарларына толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Эпизоотиялық ошақ пен бақылау аймағында лажсыз (ағымдағы және қорытынды) залалсыздандыру жүргізіледі.

Ағымдағы залалсыздандыруды ауру пайда болған уақыттан кейін, жаңадан ауырған жануар анықталған жағдайда, сондай-ақ жануарларды кезекті зерттеуден кейін, жүйелі түрде (әр аурудың мерзіміне байланысты) жүргізіледі.

Карантинді немесе шектеу іс-шараларын алардың алдында қорытынды залалсыздандыру жүргізіледі.

19. Бақылау аймақтары мен буферлік (қорғаныш) аймақтарды қоса алғанда, эпизоотиялық ошақтардағы және саламатсыз пункттердегі ветеринариялық іс-шараларды РЭО ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен, ЖАО бөлімшелерімен ведомствоның аумақтық бөлімшесінің бақылауымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүргізеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Бақылау аймақтары мен буферлік (қорғаныш) аймақтарды қоса алғанда, эпизоотиялық ошақтарда және саламатсыз пункттерде ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының шешімімен ветеринариялық препараттардың республикалық қорынан ветеринариялық препараттарды бөлу жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, олардың қауіптілік дәрежесіне қарай, Бұйрықпен бекітілген Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу қағидаларына (бұдан әрі – Алып қою қағидалары) сәйкес міндетті түрде алып қоюға және жоюға не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) жатады.

Жеке және заңды тұлғаларға алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген олардың құны Бұйрықпен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың немесе жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттарына және Алып қою қағидаларына сәйкес өтеледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.05.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізгеннен кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы бойынша ЖАО шешімімен карантинді немесе шектеу іс-шараларын алу туралы шешім қабылданады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынысы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО шешімімен карантинді алып тастау туралы шешім қабылданғаннан кейін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында қарастырылған жағдайларда, уәкілетті орган шектеу шараларын белгілейді.

Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу
қағидаларына -қосымша



Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жүргізілген ветеринариялық шаралар туралы акт/ Акт о проведенном ветеринарном мероприятии

1.	Актінің №/№ акта	№
2.	Өткізілген күні/Дата проведения	20__ жылғы " __ " _____ /" _____ 20__ год
3.	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы/ Наименование административно-территориальной единицы	
4.	Ветеринария саласындағы маман (лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)/ Специалист в области ветеринарии (должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
5.	Қатысушылар (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) / Присутствующие (фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
6.	Жануар иесі (жеке немесе заңды тұлғаның атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)/ Владелец животного (наименование физического или юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
7.	Өткізілген ветеринариялық шара/ Проведенное ветеринарное мероприятие: вакциналау/ вакцинация аллергиялық зерттеу/ аллергическое исследование	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> таңдаңыз/выберите
8.	Аурудың атауы/ Наименование заболевания	

9.	Жануардың түрі/ Вид животного	<p>ІҚМ/КРС <input type="checkbox"/></p> <p>Ұсақ мал/ МРС <input type="checkbox"/></p> <p>Жылқы/лошади <input type="checkbox"/></p> <p>Түйе/верблюды <input type="checkbox"/></p> <p>Маралдар/маралы <input type="checkbox"/></p> <p>Құстар/птицы <input type="checkbox"/></p> <p>Етқоректілер (ит, мысық)/плотоядные (кошки, собаки) <input type="checkbox"/></p> <p>Басқалар/другие <input type="checkbox"/></p> <p>таңдаңыз/выберите</p>
10.	Жыныстық-жастық топтың атауы, саны / Наименование половозрастной группы, количество	<p>еркек /самец <input type="checkbox"/></p> <p>ұрғашы/ самка <input type="checkbox"/></p> <p>санын енгізіңіз/введите количество</p>
11.	Егілген (зерттелген), дауаланған жануарлардың саны/ Количество привитых (происследованных), обработанных животных	
12.	Ветеринариялық препарат туралы мәлімет/ Данные о ветеринарном препарате	
13.	Вакцинаның, аллергеннің атауы/ Наименование вакцины, аллергена	
14.	Өндіруші зауыттың атауы/ Наименование завода-изготовителя:	
15.	Жасалған күні/Дата изготовления:	20__ жылғы " __ " _____ /" _____ 20__ год
16.	Сериясы/ Серия:	№ _____
17.	Ветеринариялық препараттарды мемлекеттік бақылаудың нөмірі мен күні/Номер, и дата государственного контроля ветеринарных препаратов	<p>№ _____</p> <p>(күні, айы, жылы/число, месяц, год)</p> <p>20__ жылғы " __ " _____ /" _____ 20__ год</p>

18.	Егу әдісі және орны/Способ и место введения	
19.	Ересек жануардың 1 басына пайдаланылған вакцина мөлшері/ Объем вакцины использованной на единицу взрослого животного	_____ миллилитр
20.	Төлдің 1 басына жұмсалған вакцина мөлшері/ Объем вакцины, использованной на единицу молодняка	_____ миллилитр

Вакциналаудан және (немесе) аллергиялық зерттеуден, дауалаудан өткен жануарлар тізімдемесі (қоса беріледі)/Опись животных, подвергнутых вакцинации и (или) аллергическому исследованию, обработке (прилагается)

Шығын материалдың атауы/ Наименование расходного материала	Саны/Количество (доза/доз, дана/штуки, грамм/ граммов)	Өлшем бірлігі/Единица измерения
70%-тік ректификат спирт ерітіндісі/ 70%-ный раствор спирта - ректификата		
вакцина/вакцина серия _____	_____	_____
серия _____	_____	_____
серия _____	_____	_____
....
аллерген/аллерген серия _____	_____	_____
серия _____	_____	_____
серия _____	_____	_____
.....
шприцтер/шприцы		
инелер/иглы		
мақта/вата		

Ветеринария саласындағы маманның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолтаңбасы* (электрондық цифрлық қолтаңбасы**)/Должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии) специалиста в области ветеринарии, подпись* (электронная цифровая подпись**)

Ескертпе/Примечание:

*қағаз түрінде/в бумажной форме;

** техникалық мүмкіндік болған кезде ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда/в электронной форме посредством информационной системы при наличии технической возможности.

Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы

Жануарлардың топтарын (эпизоотиялық бірлігін) қалыптастыру (тарату) туралы акт/Акт о формировании (расформировании) группировок животных (эпизоотической единицы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл/года

(жануарлар топтарының орналасқан жері (әкімшілік-аумақтық бірліктің және (немесе)

шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)/местонахождение группировок животных

(наименование административно-территориальной единицы и (или) хозяйствующего субъекта))

Мен/мною _____

(кент, ауыл ауылдық округ, аудан әкімі аппараты, қала әкімдігі маманының аты, жөні,

тегі (бар болған жағдайда), лауазымы/ фамилия и имя, отчество (при его наличии), должность специалиста аппарата акима поселка, села, сельского округа, района, акимата города)

(жануарлардың түрі)

жануарлардың топтарын (эпизоотиялық бірлігін) қалыптастыру (тарату)

жүргізілгені туралы осы актіні жасадым/составлен настоящий акт о том, что

(күні, айы, жылы/число, месяц, год)

проведено формирование (расформирование) группировки животных (эпизоотической единицы) _____

(вид животных)

Жануардың жастық-жыныстық тобы/

Половозрастная группа животных _____

Бас саны/Количество голов _____

Жануардың жастық-жыныстық тобы/

Половозрастная группа животных _____

Бас саны/Количество голов _____

Жануардың жастық-жыныстық тобы/

Половозрастная группа животных _____

Бас саны/Количество голов _____

Барлығы, саны/всего в количестве _____ бас/голов

Осы акт жасалғаны туралы /О чем составлен настоящий акт:

Қолы/Подпись _____

Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу
қағидаларына 2-2-қосымша
Нысан

Ескерту. Бұйрық 2-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2017 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қалыптастырылған жануарлардың топтарын (эпизоотиялық бірліктерін) тіркеу журналы/Журнал учета сформированных группировок животных (эпизоотических единиц)

бойынша/по _____

(ауыл шаруашылығы жануары түрінің атауы/наименование
вида сельскохозяйственного животного)

(әкімшілік-аумақтық бірліктің (кент, ауыл, ауылдық округ, қала, аудан, облыс)
атауы/наименование административно-территориальной единицы (поселок, село,
сельский
округ, город, район, область))

№	Жануарлар топтарының тіркеу нөмірі/ Регистрационный номер группировок животных*	Нөмір берілген күн/ Дата присвоения номера	Ауыл шаруашылығы жануары иесінің мекен-жайы/ Адрес владельца сельскохозяйственного животного	Шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы/ Наименование хозяйствующего субъекта**	Ескертпе/ Примечание
1	2	3	4	5	6

Ескертпе/Примечание:

* - Шаруашылық жүргізуші субъектілерді қоспағанда, қалыптастырылған жануарлар тобының тіркеу нөмірі әріптік және сандық символдардан (символдар арасы қисық сызықпен бөлінеді) тұрады, ол мыналарды қамтиды:

алғашқы символ – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік коды;

екінші және үшінші символдар – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі;

төртінші символ – ауыл шаруашылығы жануары түрінің сандық коды;

бесінші – оныншы символдар – жануарлар тобының реттік нөмірі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік коды, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануары түрінің сандық коды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына (бұдан әрі – Бірдейлендіру қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада жануарлар топтарын нөмірлеген кезде екінші және үшінші символдарда нөл көрсетіледі.

Қағидаларға сәйкес есептік нөмірлері бар шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлар топтарының тіркеу нөмірлері мыналардан тұрады:

Қағидаларға сәйкес берілген есептік нөмір;

ауыл шаруашылығы жануары түрінің сандық коды;

шаруашылық жүргізуші субъектілерде мал басын шаруашылық ішілік есепке алуға сәйкес жануарлар топтарының реттік нөмірі.

Ауыл шаруашылығы жануарлары түрінің сандық коды Бірдейлендіру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

Қалыптастырылған жануарлар топтарының тіркеу нөмірлері символдары өзара қисық сызықпен бөлінеді.

/Регистрационный номер сформированным группировкам животных, за исключением хозяйствующих субъектов состоит из буквенных и цифровых символов (символы между собой разделяются косой чертой) включающие:

первый символ – литерный код области, города республиканского значения, столицы;

второй и третий символы – порядковый номер района (города областного значения)

;

четвертый символ – цифровой код вида сельскохозяйственного животного;
пятый – десятый символы – порядковый номер группировки животных.

Литерный код области, города республиканского значения, столицы, порядковый номер района (города областного значения) вносится, согласно приложению 1 к Правилам присвоения учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных, заготовку (убой), хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также организациям по производству, хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок, утвержденным приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 23 января 2015 года № 7-1/37 (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 10466) (далее – Правила).

Цифровой код вида сельскохозяйственного животного вносится, согласно приложению 1 к Правилам идентификации сельскохозяйственных животных (далее – Правила идентификации), утвержденными приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 января 2015 года № 7-1/68 (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11127).

При нумерации группировок животных в городах республиканского значения, столице во втором-третьем символах указываются нули.

В хозяйствующих субъектах имеющих учетные номера в соответствии с Правилами регистрационный номер группировок животных состоит из:

учетного номера, присвоенного в соответствии с Правилами учета;

цифрового кода вида сельскохозяйственного животного;

порядкового номера группировки животных согласно внутривладельческого учета поголовья в хозяйствующих субъектах.

Цифровой код вида сельскохозяйственного животного вносится согласно приложению 1 к Правилам идентификации.

Символы регистрационного номера сформированных группировок животных разделяются между собой косой чертой.

** - шаруашылық жүргізуші субъекттерінде жануарлардың топтарын қалыптастырған кезде толтырылады.

/заполняется при формировании группировок животных в хозяйствующих субъектах.

Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу
қағидаларына 3-қосымша



Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Биологиялық материал сынамаларын алу актісі/ Акт взятия проб биологического материала

Зерттеулер өткізу мақсатында жануардан биологиялық материал сынамасы алынды. Төмендегі кестеде биологиялық материал сынамасын алу актісінің мәліметтері көрсетілген/В целях проведения исследований взяты пробы биологического материала животного. В таблице ниже представлены сведения акта взятия проб биологического материала:

Әкімшілік аумақтық бірліктің атауы/Наименование административной территориальной единицы	
Ветеринария саласындағы маман (лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)/Специалист в области ветеринарии (должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
Қатысушылар (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)/Присутствующие (фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
Биологиялық материал сынамасын алу күні/Дата взятия проб биологического материала	
Жануар иесі (жеке немесе заңды тұлғаның атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)/Владелец животного (наименование физического или юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
Биологиялық материалдың атауы/Наименование биологического материала	
Жануардың түрі/Вид животного	
Жануарлардың саны/Количество животных	
Сынамалар саны/Количество проб	
Аурудың аты/Название болезни	

Осы актіге жануарлардың тізімдемесі қоса беріледі/К настоящему акту прилагается описание животных

Биологиялық материал алған кезде шығын материалы пайдаланылды/При взятии биологического материала использовано расходного материала:

--	--	--

Шығын материалының атауы/ Наименование расходного материала	Саны/Количество	Өлшем бірлігі/Единица измерения
---	-----------------	---------------------------------

Ветеринария саласындағы маманның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолтаңбасы* (электрондық цифрлық қолтаңбасы**)/Должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии) специалиста в области ветеринарии, подпись* (электронная цифровая подпись**)

Ескертпе/Примечание:

*қағаз түрінде/в бумажной форме;

** техникалық мүмкіндік болған кезде ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда/в электронной форме посредством информационной системы при наличии технической возможности.

Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу
қағидаларына 4-қосымша



Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Биологиялық материал сынамалары алынған жануарлардың тізімдемесі /Опись животных по взятым пробам биологического материала №_____ күні / от _____

бірінші бөлігі / часть первая

Биологиялық материалдың атауы/Наименование биологического материала__

Жануарлар түрі/Вид животных_____

Аурудың атауы / Название болезни_____

Зерттеу түрі/Вид исследования _____

Зерттеулердің жиілігі/Кратность исследований _____

Бас саны/Количество голов_____

Сынаманың саны/Количество проб _____

оның ішінде жануарлардың жыныстық-жастық тобы бөлінісінде/в том числе, в разрезе

половозрастная группа животных

Жыныстық-жастық топтың атауы / Наименование половозрастной группы					Бас саны/ Количество голов		
P/c №	Сынаманың №/ № пробы	Жануардың иесі туралы мәліметтер/ Сведения о владельце животного		Жануардың бірдейлендіру нөмірі / идентификационный номер животного	жануарлардың жыныстық-жастық тобы / половозрастная группа животных	жануардың жасы / возраст животного	Зерттеудің жиілігі/ Кратность исследований
		Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) физическое лицо или руководителея юридического лица	Заңды тұлғаның атауы/ Наименование юридического лица				
1	2	3	4	5	6	7	8

Ветеринария саласындағы маманның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолтаңба* (электрондық цифрлық қолтаңбасы**)/Должность, фамилия, имя, отчество

(при его наличии) специалиста в области ветеринарии, подпись* (электронная цифровая подпись**)

екінші бөлігі / часть вторая

Биологиялық материалдың сынамаларын алу тізімдемесінің нөмірі және күні/ номер и

дата описи животных по взятым пробам биологического материала

Биологиялық материалдың атауы/Наименование биологического материала__

Жануарлар түрі/Вид животных _____

Аурудың атауы / Название болезни _____

Зерттеулер түрі/Вид исследования _____

Зерттеулердің жиілігі/Кратность исследований _____

Бас саны/Количество голов _____

Сынамалар саны/Количество проб _____

оның ішінде жануарлардың жыныстық-жастық тобы бөлінісінде/ в том числе, в разрезе половозрастной группы животных:

Жыныстық-жастық топтың атауы / Наименование половозрастной группы		Бас саны/ Количество голов	
Р/с № п/п	Сынаманың №/№ пробы	жануарлардың жыныстық	Реакцияның атауы/Наименование реакции
		-жастық тобы / половозрастная группа животных	Зерттеулер нәтижелері / Результаты исследования
			
— Ветеринария саласындағы маманның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолтаңбасы* (электрондық цифрлық қолтаңбасы**)/Должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии) специалиста в области ветеринарии, подпись* (электронная цифровая подпись**)		Сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) күні, нөмірі/дата, номер акта экспертизы (протокола испытания)) Ветеринариялық зертхана маманның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолтаңбасы* (электрондық цифрлық қолтаңбасы**)/Должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии) специалиста ветеринарной лаборатории, подпись* (электронная цифровая подпись**)	

Ескертпе/Примечание:

*қағаз түрінде/в бумажной форме;

** техникалық мүмкіндік болған кезде ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда/в электронной форме посредством информационной системы при наличии технической возможности.

1. Биологиялық материалдың сынамалары алынған жануарлардың тізімдемесі диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін ветеринариялық зертханаға жолданатын жануардың әр түріне, жануарлар ауруының түріне жеке-жеке жасалады./Опись животных по взятым пробам биологического материала составляется отдельно по

каждому виду животного, виду болезней животных, по которому направляется в ветеринарную лабораторию для проведения диагностических исследований.

2. Биологиялық материал сынамаларын қабылдауды, тіркеуді жүзеге асыратын ветеринариялық зертхана маманы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорында тізімдеменің екінші бөлігін қарайды. Зерттеу аяқталғаннан кейін ветеринариялық зертхана маманы осы бөлікке сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) күні мен нөмірін, реакцияның атауын және зерттеу нәтижесін енгізеді, содан кейін деректерді сараптама актісімен (сынақ хаттамасымен) бірге дерекқорға жүктейді./Специалист ветеринарной лаборатории, осуществляющий и регистрирующий пробы биологического материала, рассматривает вторую часть описи в базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных. После завершения исследования специалист ветеринарной лаборатории вносит в эту часть дату и номер акта экспертизы (протокола испытаний), наименование реакции и результат исследования, затем вводит данные в базу данных вместе с актом экспертизы (протоколом испытаний).

3. Жануарлар басы туралы мәліметтердің сәйкестігі; үйірдегі, табындағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы бар жануарлар басын қамту және бір уақытта зерттеулер жүргізу мақсатында алынған биологиялық материалдың сынамалары санының жануарлар басымен (үйір, табын, отар, шаруашылық жүргізуші субъект және жануарлардың басқа да топтары) сәйкестігі (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда (бұдан әрі – Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар) көзделген жануарлар ауруларының түріне және диагностикалық зерттеулер жиілігіне қарай) жүйе арқылы ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі дерекқорда автоматты түрде тексеріледі./Соответствие сведений о поголовье животных; соответствие количества взятых проб биологического материала с наличием поголовья животных (гурт, стадо, отара, хозяйствующий субъект и другие группировки животных) с целью обеспечения охвата и одновременного проведения исследования имеющегося поголовья животных в гурте, стаде, отаре, хозяйствующем субъекте и других группировках животных (в зависимости от вида болезней животных и кратности диагностических исследований, предусмотренных Ветеринарными (ветеринарно-санитарными) правилами, утвержденными приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 7-1/587 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11940) (далее – Ветеринарные (ветеринарно-санитарные) правила) проверяется автоматически по базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных через систему.

4. Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалармен бекітілген індеттер бойынша ветеринариялық іс-шараларда қарастырылған диагностикалық зерттеулер жануардың жастық-жыныстық тобы бойынша жеке көрсетіледі./Отдельно по половозрастным группам указываются диагностические исследования, предусмотренные ветеринарными мероприятиями по болезням, утвержденным Ветеринарными (ветеринарно-санитарными) правилами.

5. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру" ақпараттық жүйесінде техникалық ақау туындаған немесе оның жұмыс істеуі уақытша тоқтатылған жағдайда, жұмыс қағаз түрінде жүргізіледі./ В случае технического сбоя или приостановления функционирования информационной системы "Идентификация сельскохозяйственных животных" работа осуществляется на бумажном носителе.